

Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 363-V "Құрманғазы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 03 ақпандағы № 374-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 ақпанда № 3101 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 447-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 15.09.2015 № 447-V шешімімен.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Заңының 1 бабының 1 тармағына сәйкес және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21 бабы негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 363-V "Құрманғазы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3084 санымен тіркелген, аудандық "Серпер" үнжариясында 2015 жылғы 29 қаңтарда жарияланған) шешімімен бекітілген қағидасына келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 1 тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар – үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ аспаптарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және салыстырып тексеруге, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге, сондай-ақ кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін болашақта жүргізілетін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға арналған шығыстарының міндетті сомасы";

2) 1 тармақтың 6) тармақшасы алып тасталсын;

3) 5 тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды;"

2. Шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала, жастар саясаты, заңдылық және құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына (төрағасы Ш. Жәлелов) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т т ы ң</i>
	<i>к е з е к т е н</i>	<i>т ы с</i>
	<i>с е с с и я с ы</i>	<i>Х Х Х І V</i>
	<i>м і н д е т і н</i>	<i>т ө р а ғ а с ы н ы ң</i>
		<i>а т қ а р у ш ы ,</i>
<i>мәслихат хатшысы</i>	<i>Р. Сұлтаняев</i>	